ISSN 2788-7979 (online)
15 Ayto, J. From the Horse's Mouth: Oxford Dictionary of English Idioms / J. Ayto. – 3rd ed. – Oxford: Oxford University Press, 2009.
16 Кунин, А. В. Англо-русский фразеологический словарь: около 20 000 фразеологических единиц / А. В. Кунин. – 4-е изд., перераб. и доп. – М.: Русский язык, 1984.
17 Фразеологический словарь русского языка: свыше 4000 словарных статей / под ред. А. И. Молоткова. – 4-е изд. – М.: Русский язык, 1986.
18 Кенесбаев, И. Фразеологический словарь казахского языка / И. Кенесбаев. – Алма-Ата: Наука, 1977.

Материал поступил в редакцию журнала 29.06.2026

МҒТАР 81'11 DOI: 10.59102/kufil/2026/iss3pp108-124

Б.Қ. Момынова[1], А.М. Фазылжан[1], *Қ.Б. Слямбеков[1], И.А. Иманғазина[1]
[1]А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, 050040, Қазақстан

ТІЛ ИЕЛМЕНДЕРІ ҚОЛДАНЫСЫНДАҒЫ КҮРДЕЛІ ЕТІСТІК: ГРАММАТИКАЛЫҚ САУАТ ҚАЙ ДЕҢГЕЙДЕ?

Ұсынылған мақалада қазіргі қазақ тіл иелмендерінің сауат деңгейін анықтауға бағытталған лингвистикалық сауалнаманың нәтижелері берілген. Атап айтқанда, тіл иелмендерінің күрделі етістіктер мен етістікті еркін тіркестерін қолданудан қанша қате жібергені, қандай грамматикалық ауытқу түрлеріне жол бергені эмпирикалық деректер базасы мен статистикалық мәліметтер арқылы негізделеді. Қазіргі қазақ тіл иелмендерінің қолданысында жүрген, күрделі етістікке қатысты жиі кездесетін қате тілдік бірліктердің типі анықталып, оның уәжі талқыланады. Қазақ тілінің күрделі етістіктеріне қатысты грамматикалық білімдер жүйесі ұсынылады.

Тіл иелмендерінің күрделі етістіктерді қолдануына талдау жүргізу аса маңызды. Өйткені қазақ тілінің етістігі қазақ сөйлемінің негізгі өзегі, оның модальдік, аспектуалдық, шақтық мағынасын үстеудің басты грамматикалық құралы саналады. Оны дұрыс қолдана білу – коммуникация мен тілдесімнің сәтті жүзеге асуының кепілі. Ал тілшілер үшін бұл ана тіл тұтынушыларының қолданысында жүрген басты грамматикалық ауытқуларды анықтап, оны түзету мен жөндеудің грамматикалық құралдарын әзірлеуге өзекті болмақ. Атап айтқанда, «Қазақ тілінің күрделі етістіктер сөздігін» дайындаудың алғышарты дайын деп ойлаймыз. Сондай-ақ басқа да лингвистикалық құралдардың, оның ішінде қате қолданыстардың грамматикалық анықтағышын, жасанды интеллектігі үйретуге арналған лингвистикалық әзірлемелерді, белгіленімдерді дайындауға мүмкіндік бермек.

Лингвистикалық сауалнама нәтижесі қазақ тіл иелмендерінің күрделі етістікті қолдану мен етістікті сөз тіркестерін құруға келгенде қандай қиындықтарға тап болатыны, неге келгенде қиналатынын көрсетіп бере алды. Ұсынылған мақаланың өзектілігі мен құндылығы осында деген ойдамыз.

Кілт сөздер: етістік; күрделі етістік; грамматикалық қате; грамматикалық ауытқу; интерференция; аспектуалдық категория.

ISSN 2788-7979 (online)

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Бүгінгі ғылыми қауымдастықты толғандырып отырған мәселенің бірі – қазіргі қазақтілді тіл иелменінің сауаты қаншалықты деңгейде деген мәселе. Бұл – өткен ғасырдың 70-жылдарынан бері өзекті боп келе жатқан тақырып. Қазіргі тіл иелмендерінің сауаты айтарлықтай түсіп кеткені, қолданысында грамматикалық қате мен ауытқулардың шұбырып жүргені жөнінде көптеген ой-пікір айтылғанымен, оның фактологиялық негізі мен дәлелі болмай келді. Ғылым қашанда дерек мен дәйекке сүйенетінін ескерсек, мұндай мәлімдемелердің сүйенер статистикасы, соған сай ұсынар уәжі болғаны аса маңызды.

Осы олқылықтың орнын толтыру әрі қазіргі қазақтілді тіл иелмендерінің қолданысында жүрген грамматикалық қателердің типі мен сипатын, жалпы ерекшеліктерін анықтау мақсатында А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының зерттеу тобы лингвистикалық сауалнама жүргізіп, біршама эмпирикалық база жинап, алғашқы нәтижелерге қол жеткізді. Аталмыш зерттеу жұмысының мақсаты да сол – қолға түскен осынау нәтижелерді ғылыми қауымға ұсынып, жаңа деректермен бөлісу. Атап айтқанда, қазіргі қазақтілді тіл иелменінің қолданысында жүрген күрделі етістіктерге қатысты грамматикалық ауытқулардың (грамматикалық қате) жалпы сипатын көрсету мақаламыздың міндеті болып отыр. Сауалнама аясында қазақтілді сөйлерменнің тілінде жүрген грамматикалық ауытқулардың бірнеше тобы мен типін анықтағанымызбен, бұл мақаламызда дәл күрделі етістіктерден кететін қателердің сипатын топтастырып беруді жөн көрдік. Себебі бұл – көп тараған грамматикалық ауытқулардың бірі болып отыр. Бұдан бөлек, қазіргі қазақтілді тіл иелмендерінің күрделі етістіктерді қолдануға келгенде біршама енжарлық танытатыны, оны қолданудан қашатыны не қолдана алмайтыны байқалып жүр.

Қазақ тіл иелменінің қолданысындағы күрделі етістіктерді анықтау, жинау және тану үшін отандық ғалымдардың қазақ тілінің күрделі етістіктерін танудағы тұжырымдары басшылыққа алынды. Қазақ тіл ғылымында күрделі құрамды етістіктердің теориялық негізін, грамматикалық және лексика-семантикалық ерекшеліктерін сипаттап, классификациясын жіктеуге тырысқан ғылыми еңбектер біршама. Бұл мәселенің зерттелуі мен негізін қалауға А.Ысқақов, Ы.Маманова, Н.Оралбаева, С.Исаев, А.Қалыбаева сынды аға буын ғалымдары үлкен үлес қосып, қазақ грамматикасында қалыптасқан теориялық ілімдерді одан әрі Б.Қасым, М.Оразов, Ж.Шәкенов, Б.Қапалбек, А.Жаңабекова, М.Жолшаева, т.б. сынды грамматист мамандар жалғастырды. Қазақ ғылымында күрделі етістіктерді тану мен топтастыруда біршама даулы мәселелер бар. Мәселен, Ы.Маманов күрделі етістіктерді көсемше формалы етістік пен көмекші етістіктің тіркесіп келуі, алдыңғы көсемше сыңары лексикалық мағына білдіреді де, соңғы көмекші сыңары алдыңғысына грамматикалық мағына үстейді әрі етістіктің басқа формаларымен түрлене алатын құрылым деп таниды [1, 55]. Ал күрделі етістіктерді жіктеуге келгенде, оның жұмсалымдық мағынасына көбірек мән беріп, *кесімді, босаң, бейімдік* және *қалау мәнді күрделі етістіктер* деп төртке жіктейді [1, 62]. Ғалымның бұл жіктеуіне қатысты Б.Момынова: «Дегенмен Ы.Мамановтың күрделі етістіктерді өзінше жіктеуі ғалымның етістіктің грамматикалық сипатын жеткізуден гөрі олардың грамматикалық формалар тудыратын мағынасына басымдық бергенін көрсетеді» дейді [2, 29].

Н.Оралбаева күрделі етістіктерді сөзжасам нысаны тұрғысынан қарап, күрделі сөз ұғымы аясында түсіндіреді. Автор: «Күрделі етістіктің жасалуына оның жеке сыңарлары бірдей қатысады. Бұлардың да құрамындағы сыңарлары – толық мағыналы етістіктер. Күрделі етістіктер оның құрамындағы жеке сыңарларының мағынасының жиынтығынан жасалған бір күрделі қимылды білдіреді. Мысалы, барып кел күрделі бір қимылды білдірсе, ол қимыл екі бөлімнен тұрады, алдымен бару қимылы жасалады, іле-шала келу қимылы жасалады» деп анықтайды [3, 56-57]. Ғалым өз жеке грамматикалық құбылыс ретінде алып қарастырған аналитикалық форманттарын күрделі етістік түріне қоспайды.

С.Исаев күрделі етістікті негізгі етістік пен лексикалық мағынасынан айырылған көмекші етістіктің тіркесінен жасалған құрылым деп таниды да, оның етістіктің белгілі бір

ISSN 2788-7979 (online)

грамматикалық категориясының көрсеткіші болатынын алға тартады [4, 252]. Автор бұл жерде етістік+көмекші етістік моделін алып тұр да, Н.Оралбаева мен А.Ысқақов айтқан «есім сөз + етістік» моделімен жасалған құранды етістіктерді бұл санатқа қоспаған.

А.Ысқақов күрделі етістік түсінігін біршама кең мағынада қарап, етістікпен тіркесіп келіп бір лексика-грамматикалық мәнді білдіретін бірліктердің барлығын күрделі етістіктің қатарына қосады. Біз осы автордың көзқарасын басшылыққа аламыз. Өйткені ғалымның күрделі етістікке қатысты жіктемесі нормативті грамматиканың талабына жауап береді әрі күрделі етістіктерді кең қарастыруға, оны етістікті сөз тіркестерінен ажыратып көрсетуге мүмкіндік береді. Ендеше ғалым күрделі етістіктерді былай жіктейді:

1) күрделі құранды етістік (*жәрдем ет, ән сал*);

2) құрама күрделі етістік немесе жай күрделі етістік (*алып кел, ала кел, барып кел, бара кел, алып бар, ала бар, алып кет, ала кет, келіп кет, келе кет, жинап ал, сұрап ал*);

3) аналитикалық етістік (*айта сал, жаза түс*);

4) тұрақты тіркестер мен идиомаланған етістіктер (*бетіне шіркеу түсіре көрме, бойын аулаққа сала береді, жұмған аузын ашпай қойды, місе тұтса ұгі еді, жүрек жалғап алдық, жігері құм бола жаздады*, идиомаланған етістіктер: *опық жеді, таяқ жеді, құр қалды, бас қойды, ауыз жаласты, арам тер болды, қырғи қабақ болды, бетке шіркеу салды, жан алқымға алды, ауыз салды, көз салды, жек көрді*) [5, 236].

Автордың *құранды етістік* деп отырғаны – бір сыңары есім сөзден, екінші сыңары етістіктен тұратын күрделі етістік; *құрама етістік* дегені – етістіктердің жеке-жеке сыңары дербес лексикалық мағыналары болғанымен, тіркесіп келіп бір күрделі қимылды, біртұтас мағынаны білдіретін құрылым; *аналитикалық формалы етістіктер* – арнайы аналитикалық форманттар арқылы жасалатын, бір сыңары лексикалық мағынағы ие, ал екіншісі тек оған грамматикалық мән-мағына үстейтін тіркесімділік; *тұрақты тіркестер* мен *идиомаланған етістіктер* – құрамында етістігі бар фразеологизмдер.

2002 жылы жарық көрген «Қазақ грамматикасы» академиялық басылымына да А.Ысқақтың жіктелісі енген.

Зерттеу жұмысында А.Ысқақтың аталмыш жіктелісін негізге алғанымызбен, ғалым ұсынған күрделі етістік терминінің орнына буын зерттеушілері қолданып жүрген *күрделі құрамды етістіктер* [6], *күрделі құрамды етістікті тіркестер* [7] деген ұғымдар қолданылды. Себебі қазіргі таңда күрделі етістік деп лексикалық жаңа мағына тудыратын құранды етістік мен құрама етістіктер ғана қарастырылып жүр. Ал жетекші етістікке грамматикалық мағына үстейтін аналитикалық форма негізінде жасалған құрамы күрделі етістіктерді бұл топқа қоспайды. Сондай-ақ етістікті тұрақты тіркестер де қазір лексиканың объектісі ретінде қаралып жүр. Ал аталған зерттеуде бұлардың барлығын қамту үшін күрделі құрамды етістікті тіркестер ұғымына басымдық берілді.

КІРІСПЕ

Тіл иелмендерінің қолданысында жүрген күрделі етістіктерге қатысты қателердің сипатын анықтау өз кезегінде мұндай ауытқуларды жөндеу, жою және бекітуге, тіл иелмендерінің сауатын қалыптастыруға бағытталған лингвистикалық құралдарды әзірлеуге мүмкіндік бермек. Нақтырақ айтқанда, грамматист мамандардың көптен бері көкейінде жүрген «Қазақ тілінің күрделі етістіктер сөздігін» әзірлеу мен грамматикалық анықтағыш құралдар дайындау, сондай-ақ жасанды интеллект модельдеріне қазақ тілінің дұрыс қолданыстарын оқыту арқылы жаппай сауатсыздықтың алдын алуға арналған әзірлемелерді дайындауға жол ашпақ. Әсіресе, сауалнамадан алынған нәтижелерге қарап «Қазақ тілінің күрделі етістіктер сөздігін» құрастырудың уақыты пісіп-жетілгеніне көз жеткіздік. Өйткені мұндай сөздік қазақ тілін үйренушілерге ғана емес, қазақ тілін ана тілім деп танитын қауымның да сауатын ашуға қажет екенін түсіндік. Зерттеу жұмысының өзектілігі де осымен байланысты. Біздің ойымызша, мұндай зерттеулер тіл иелмендерінің күрделі етістіктің қай түрінен, қай қолданысынан қате жіберетінін анықтап, соның орнын толтыруға арналған

ISSN 2788-7979 (online)

грамматикалық құралдар (анықтағыш, сөздік) мен оқыту әдістемелерін әзірлеуге мүмкіндік береді. Мәселен, шетелдік тәжірибеде фразалық етістіктерді тәжірибе жүзінде іріктеп алып, соған орай тілдің өзі ішіндегі грамматикалық даулы мәселелерді [8] және оқыту мәселелерін [9] шешуге пайдаланады.

Зерттеу жұмысының мақсаты – қазіргі қазақ тіл иелмендерінің қолданысында жүрген күрделі етістіктер мен етістікті тіркестерге қатысты қате тілдік бірліктерді жинау. Мақсатқа жету жолында мынандай міндеттер қойылды:

1. Күрделі етістіктер мен етістікті тіркестерге қатысты қазіргі қазақ тіл иелменінің қолданысында жүрген грамматикалық ауытқушылық элементтерін анықтау, қате қолданыстарды жинау;

2. Жиналған тілдік бірліктерді топтастыру және жүйелеу;

3. Грамматикалық нормадан ауытқыған (қате) тілдік бірліктерді талдау және уәжін көрсету.

Зерттеу жұмысының нысаны – қазақ тіл иелмендерінің қолданысында жүрген қате тілдік бірліктер.

Қазіргі қазақ тіл білімі ғылымында грамматикалық қателерді эмпирикалық база негізінде зерттеу жүргізген зерттеу жұмыстары жоқтың қасы. Көбіне жазба мәтіндердегі грамматикалық қателерді талдаумен шектелді. Біздің зерттеуімізде респонденттердің «тірі» жазба мәтініндегі грамматикалық қателер жиналып, соның негізінде талдаулар жүргізілді. Бұл зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы болып табылады. Зерттеу жұмысының гипотезасы да осымен байланысты: эмпирикалық база негізінде жиналған тілдік бірліктерді талдау мен оған баға беру – тілдің қазіргі динамикасын танып, тіл иелмендерінің сауат деңгейін бағалауға мүмкіндік береді.

МАТЕРИАЛ ЖӘНЕ ӘДІСТЕР

Зерттеу барысында 805 респонденттен оффлайн арнайы лингвистикалық сауалнама алынды. Оған еліміздің солтүстік, оңтүстік, шығыс, батыс және орталық өңірінің тіл иелмендері қатысты. Қатысқандардың басым бөлігі – 20 жасқа дейінгі жастар (82%). 21-30 жастағылардың үлесі – 6%, 31-40 жастағылардікі – 4%, 41-60 жастағылардікі – 8%. Сауалнамаға қатысқан респонденттердің мамандықтары (ішінде білім алып жатқан студенттер) мынандай категориялар бойынша бөлінді: гуманитарлық мамандықтар, жаратылыстану мамандықтары, инженерлік-техникалық, тау-кен мамандықтары, ақпараттық технологиялар, медицина мен мал дәрігерлігі; мәдениет, спорт және туризм; білім; заң мен құқық; құрылыс және архитектура.

Лингвистикалық сауалнама 4 дағды бойынша (тыңдалым, лексика-грамматика, жазылым, айтылым) әзірленді. Грамматикалық қателер жазылым бөлігінен жиналды. Жазылым бөлігіне мазмұндама жазу деген тапсырма берілді. Мазмұндамаға жас жазушы Ұ.Нұрғалымұлының «Ниет» деген әңгімесі ықшамдалып алынды (298 сөзқолданыстан тұрады). Әңгіменің мәтіні аудиоға жазылды, ұзақтығы 2 минуттай. Респонденттер аудионы бір рет тыңдап, естігені мен ұққанын параққа түсірді. Тапсырманы орындауға 15 минут берілді. Тапсырманың мақсаты қазақ тілін ана тілім деп танитын қауымның тілдік құзіретін, сауатын анықтау болды. Атап айтқанда, қазақ тілінің грамматикалық құрылымдарын қаншалық сауатты әрі орынды қолдана алатынын анықтау тапсырманың басты міндеті саналды.

Неге бұл мәтін таңдалып алынды? Мұның бірнеше себебі бар.

- Мәтін дәстүрлі қазақ сөзсаптам машығы мен күнделікті сөйлеу стилінің тоғысында жазылған түсінікті, сюжеті қызық әрі автордың басынан кешірген оқиға желісі негізінде жазылған; мәтін қазақтілді мәдениет өкілдерінің жанына жақын, түсінігіне таныс.

- Мәтін қазақ тілінің грамматикалық заңдылықтарын, құрылымын бұзбай жазылған;

ISSN 2788-7979 (online)

- Мәтін «оңайдан күрделіге» қағидасына лайық жазылып, қазақ тілінің жеңіл де, күрделі де грамматикалық құрылымдарын қолданған (күрделі етістіктер мен етістікті еркін тіркестер мол).

Мазмұндама жазуға, жоғарыда айтылғандай, барлығы 805 адам қатысты, яғни 805 жазба мәтін қолға түсіп, зерттеу материалы ретінде алынды (айта кетерлігі, күрделі етістік пен етістікті сөз тіркестерін қолдануға келгенде лингвистикалық сауалнамаға қатысқан 805 респонденттің 303-і (38%) қате жіберген). Жазба мәтіндер бірнеше қайтара оқылып, тексеріліп, қате тілдік бірліктер қайта-қайта жиналып алынды. Соңында топтастырылып, негізгі типтік қателердің жанына жинақталды. Мақалада осы типтік қателер бойынша 65 контекстік тілдік материал талданды. Бұрыс тілдік материалдың жанына дұрысы ұсынылып отырды. Бір айта кетерлігі, грамматикалық жағынан қате құрылған деген сөйлемдердің қасына «дұрысы» деп көрсетілген сөйлемдер, негізінен, грамматикасына қатысты нормасын айқындап беруге ғана бағытталған. Шындығында, бұл сөйлемдердің өздері де стилистикалық жағынан қате, кейде мүлде дұрыс емес сөйлемдер екенін естеріңізге саламыз. Сондықтан мұндай сөйлемдердің баламалы (адекват) нұсқаларын ұсынарда бұрыс сөйлемдегі қолданысы қате тілдік бірліктердің нормаға сай баламасын ұсынуға қарағанда тұтастай сөйлемнің қазақ тілінің грамматикалық ережелері мен стиліне, сөзсаптамына сай шығуына мән берілді. Сол себепті кей сөйлемдердің мазмұн жағынан тұтастай өзгергендері бар. Мұндай жерге «болжалды дұрыс нұсқа», «мәнмәтінге сай қолданыс», «нормаға сәйкестеу нұсқа» деген сынды баламалар қойылды.

Зерттеу жұмысын жүргізуге сауалнама алу, тілдік материалдарды жинау және топтау, оған аналитикалық талдау жүргізу әдістері қолданылды. Ал тілдік материалдарды талдауда салыстыру, теориялық уәжін іздеу және негіздеу, қорытындылау әдістері қолданылды.

НӘТИЖЕЛЕР

Күрделі етістіктердің қазақ тіліндегі маңызы мен рөлі ерекше. Етістік – қазақ тілінің байлығы. Етістіктерді бір-бірімен алма-кезек тіркестіріп, күрделендіріп, алуан түрлі тіркес құруға, кейде күрделі тіркестің құрамын төрт-бес етістікке дейін жеткізуге болады (*Ойланып келе жатып құлап қала жаздады* десе, алты етістіктің тізбектеліп келгенін көруге болады). Мұның бәрі қазақ тілінің іс-әрекет пен қимыл-қозғалысты, оның өту барысы мен жасалу амалдарын, ағымын, оның сан қырлы белгілерін жан-жақты, барынша нақты беруге, бір сөзбен айтқанда, статикаға қарағанда көбірек динамиканы көрсетуге грамматикалық жақтан маманданғанын білдіреді.

Қазақ халқы көшпенді өмір салтын ұстанып, үнемі қимыл-қозғалысты талап ететін шаруашылық түрімен шұғылданғандықтан, белсенді мәдени-саяси, қоғамдық-әлеуметтік ортада өмір сүргендіктен, мұның бәрі ана тілінің лексика-грамматикалық құралдарына әсер еткен. Сондықтан қазақ тілінде күрделі етістіктер де, оның түрлері де көп. Бір сөзбен айтқанда, күрделі етістіктер – қазақ тілінің өте маңызды грамматикалық сипатының бірі. Қазіргі қазақ тілі де осынау грамматикалық қасиетін сақтап қалғаны қажет.

Қазақ тілінде түбір етістіктер қимылдың ағымын, өту шегін білдіре алмайды. Қимылдың өту шегінің дәрежесін күрделі етістіктер ғана білдіре алады [1, 73]. Бұдан бөлек, қазақ тілінің күрделі етістіктері, яғни *жетекші (лексикалық) етістік + көмекші етістік* конструкциялары арқылы шақ-рай-қимылдың өту сипаты (ТАМ) жүзеге асады, мұндай күрделі грамматикалық мағыналарды күрделі грамматикалық құрылымдар іске асырады. Бұл тұрғыдан қазақ тілі ТАМ қатынастарын білдіруге келгенде алуан түрлі, көпқұрамды құрылымдарды пайдаланатын тіл ретінде сипатталады [10]. Мұндай поствербалды құрылымдар (жетекші етістікпен тіркескен көмекші етістіктер) аспектуалды қызметінен бөлек сөйлеушінің интенциясын да (іс-әрекеттің саналы не бейсаналы орындалуы, қиын не жеңіл жүзеге асуы, қасақана не кездейсоқ жасауы, мақсат-нәтижеге бағытталу-бағытталмауы, мәжбүрлі не еркімен орындауы, т.б.) да білдіре алады. Сондай-ақ қазақ тілінде жетекші етістіктік пен оның бағынқы – көмекші етістігі


ISSN 2788-7979 (online)

арасында семантикалық-функционалдық байланысы болады [11]. Сондықтан тіл иелменінің күнделікті коммуникация мен тілдесімінде күрделі етістіктерді қолдана алуы аса маңызды.

Алайда қазіргі қазақтілді тіл иелмені ана тілінің осынау байлығын жете түсінбейтіні, сөйлеу, қолдану практикасында жөнді пайдалана алмайтыны мәлім болды. Қазақ тілін ана тілім деп танитын қазіргі жазарман көмекші және күрделі етістіктерді мәнмәтін мен мағынасына, қызметіне қарай орынды және дұрыс қолдана алмау болып шықты. Бұған біз жүргізген лингвистикалық сауалнаманың нәтижесі дәлел. Мәселен, лингвистикалық сауалнамаға қатысқан респонденттердің 38%-ы көмекші және күрделі етістіктерді орынды қолдана алмайтынын (805-дің 303-інен кеткен қате) көрсетті. Дәлірек айтқанда, ой мен оқиғаны барынша дәл, түсінікті, тіпті көркемдеп жеткізу үшін оқиғаның желісіне, оның өрбу барысына, жалпы мәнмәтіннің даму сипатына, оны баяндау стиліне қарай етістерді әрқалай қиыстырып, күрделендіріп, тіркестіріп қолдана алмайтыны анықталды.

Мазмұндама жаздыруға берілген түпнұсқа мәтіннің өзінде (Ұ.Нұрғалымұлы, «Ниет») күрделі құрамды етістіктер (А.Ысқақ бойынша күрделі етістіктің барлық түрі) мен етістікті еркін тіркестері белсенді қолданылған: идиомаланған етістік пен тұрақты етістікті тіркес – *шөлін басу, бел суыту, сау ете қалды, ақылға батып тұр, іштей атап қою, жіп таға алмау;* аналитикалық формалы етістік – *сапырылысып жататын, аяқтай бере, тездетіп жіберсең, елпеңдей жөнелдік, құйып жатыр, қайнап жатқан, аттанып кетті, жия жүріп, болып кеткен;* құранды етістік – *жауап беру, ниет ету, берем деп ниет ету*; еркін тіркес – *бұрқ-сарқ қайнау, жақындай келіп, бес саусағына қондыра отырып, соза сорапта, ниеттеніп қойған, сұрап келгенде, қоймай сұрау, ары ойланып, бері ойланып.* Бұл күрделі құрамды етістіктер іс-әрекеттің уақыты мен мерзімінен бөлек, амалын, тәсілін, қалып-күйін көрсетіп, грамматикалық-стилистикалық құралдар ретінде қызмет атқарып тұр.

Мәтінді тыңдаған респонденттер де көмекші және күрделі етістіктердің қолданысын байқағаны, естігені анық. Мазмұндама жазу барысында күрделі етістіктерді белсенді қолдануға тырысқан. Дегенмен, респонденттердің көбі етістікті күрделендіріп қолдануды білгенімен, оны мән-мағынасына қарай қолданудан кемшілік жіберген. Мәселен, мына бір мысалға назар аударайық (1-сурет).


II бөлім. Аудионы
Орындалатын уақыты – 15 минут.
418
Ниет
Бізде ауыл 3 жақтан тау қоршаған еді. Күніне 3-4 рет сау етіп ағып-аққан бұлақ бойын тұратын. Сондай күндердің бірінде ағып-аққан 3-4 машина келе қалды. Анам ауылда ұзаққа сүйкеттен атқан болатын. Машиналар қорадағы шиыққа дейін тіреп тұр деп ойлаған еді анам. Шұғылға суға кетіп қайтқанда машиналар кетіпті. Мен анама қайтқан соң ұмытып кеткені жайлы ескертіп айтып едім. анам маған бермеді. қайтадан қайталап айтқанда жаңылса қозбұйа ғана кеп жағалауларға ~~кетіп~~ кетіртпей бұл кір жууға арналған су еді деді. Таңертеңгі бұл кір тың шығып тоба алмадым. Кейін көнектер тең жуып кеткеннен кейін анамнан сұрап едім бұл су неге қалған кір жууға ниет еткенде ақ кір болып кеткен деді. Кейінгі жағынан бұқа-нақ бір кісіге ағаш қойып, бірақ кісі күнәдан айтып-ран келгенде бұл бұқандағы қайдың, ерек болса сол адамнан ауырсын деді. Қорытынды. Анам ниетке байланы
II бөлім. Тест тапсырмасын орындаңыз. Бір ғана жауапты тө

1-сурет. №418 жазарманның жазған мәтіні

Байқағанымыздай, жазарманның мәтінінде күрделі етістіктер біршама қолданылған. Бірақ мағынасына, іс-әрекеттің ауанына қарай сәйкестендіріп қолдана алмаған. Мәселен,

ISSN 2788-7979 (online)

төмендегі кестедегі (1-кесте) алғашқы сөйлемінде тұрған *сау етіп, қонақ болып тұратын* күрделі тіркестерінде іс-қимылдың аспектуалды шегі мен уақыт ағымы бір-бірімен үйлесіп тұрған жоқ. Өйткені қазіргі сәттегі шұғыл, жедел, шалт іс-қимыл мәнін беретін *сау етіп* (дұрысы – *сау ете түсу/қалу*) тіркесі ауыспалы өткен шақтағы дағдылы іс-әрекетті білдіретін *болып тұратын* компонентімен сөйлем құрай алмайды. Сондықтан мұны оқиға желісін бірінші сөйлемнің мәнмәтінге сай қолданысы деген дұрыс нұсқасы секілді *өткен жақ – осы шақ* тізбегінде өрбіту қажет еді.

1-кесте. 418-ші жазарманның мәтініндегі қате қолданыс пен дұрыс нұсқасы

	Жазарман қолданысы	**Мәнмәтінге сай қолданыс**
1	Күніне 3-4 адам *сау етіп аяқ-асты қонақ болып тұратын.*	Үйімізге қонақ көп *келетін*. Бір күні сондай қонақтардың үш-төртеуі *сау ете қалды.*
2	Анам аулада қазанға су *ысытып отқан болатын.*	Анам қазанға су *қайнатып жатқан еді*.
3	...анам шәугімге суық су *құйып қайната кетті.*	...анам шәугімге суық су *құйып қайната бастады/қайнатуға кірісті.*
4	Мен анама қайнаған суды *ұмытып кеткені* жайлы *ескертіп айтып едім*...	Мен анама «қайнап жатқан су бар ғой» *деп едім*...
5	Қайтадан қайталап айтқанымда...	*Қайта айтып едім/тағы айтып едім*...
6	...кір жууға ниет еткенде ақ *кір болып кеткен*...	Кір жууға ниет еткенде-ақ кірдің суына *айналып кеткен/ кірдің суы болып кеткен*.
7	...біраз кісі құнанды *айттырып келгенде*...	*...құнанды сұрап келгенде*...

Алғашқы сөйлемдегі *сау етіп, қонақ болып тұратын* күрделі тіркестерінде іс-қимылдың аспектуалды шегі мен уақыт ағымы бір-бірімен үйлесіп тұрған жоқ. Өйткені осы шақтағы шұғыл, жедел, шалт іс-қимыл мәнін беретін *сау етіп* (дұрысы – *сау ете түсу/қалу*) тіркесі ауыспалы өткен шақтағы дағдылы іс-әрекетті білдіретін *болып тұратын* компонентімен сөйлем құрай алмайды. Сондықтан мұны оқиға желісін бірінші сөйлемнің мәнмәтінге сай қолданысы деген нұсқасы секілді *өткен жақ – осы шақ* тізбегінде өрбіту қажет еді (1-кесте).

Респонденттердің көбі мәтіннің осы бөлігіндегі *сау етті (сау ете қалды, сау ете түсті)* тұрақты тіркесін жазуға келгенде дұрыс қолдана алмайтынын аңғартты. Төменгі кестеде соның бір пара мысалы берілді (2-кесте).

2-кесте. Респонденттердің «сау етті» тіркесін қолдануы

	Жазарман қолданысы	**Дұрысы**
1	Бір күні сол қонақтардың 3-4 еуі *сау ете салды* (35).	Бір күні сол қонақтардың 3-4 еуі *сау ете қалды.*
2	Күндердің күні үйге қонақтар *топ ете қалды* (878).	Сондай күндердің бірінде үйге қонақтар *сау ете қалды.*
3	Солай, күндердің бір күнінде ағыл-ғұпыл 4-5 қонақ *баса көктеп келеді* (873).	Солай, күндердің бір күнінде апыл-ғұпыл 4-5 қонақ *сау ете түсті.*
4	Бір күні қонақтардың үш-төртеуі *сап ете қалды* (203).	Бір күні қонақтардың үш-төртеуі *сау ете қалды.*
5	Біреуі *апыл-ғұпыл ете қалды* (246).	Бір күні қонақтар апыл-ғұпыл *келе қалды*.

Екінші сөйлемдегі (1-кесте) *ысытып отқан болатын* күрделі тіркесі жазба тілге тән емес, ауызекі қолданыс саналады (*жат-қан* етістігіне ұқсатқаны байқалады). *Ысытып отырған болатын* түрінде келсе де, жасанды қолданыс болмақ. Өйткені *бол* етістігі көбіне есім сөздермен тіркесіп келіп, құранды етістік жасайды (*мәжбүр болу, зәру болу, аман болу, қор болу, ие болу*). Әрі көбіне көмекші етістік емес, жетекші етістік ретінде жүреді. Тек қимылдың аяқталу мағынасын білдіретін *-п бол*, *-а бол* (*айтып болдым, сөйлеп болды*), қимылдың жасандылығын білдіретін *-қан бол* (*айтқан болды, көрген болды*) аналитикалық форманттарымен келіп, күрделі етістіктің құрамына енбек. Сондай-ақ, өткен шақтағы іс-

ISSN 2788-7979 (online)

қимылдың нәтижесін білдіру мағынасын *-атын болды* (*айтатын болды, беретін болды*) және императив мағынасын беретін *-атын бол* (*айтатын бол, беретін бол*) форманты түрінде ғана көмекшілік мәнде жұмсалады. Басқа жағдайларда *бол* – етістігі толыққанды лексикалық мағынаға ие, яғни іс-қимылды аяқтау семантикасын білдіретін етістік [10, 180].

Осы сөйлемдегі *отыр-ған* етістігі – бұрынғы өткен шақта тұр, оған *бол-атын* деп ауыспалы өткен шақтың формасын тіркестіруге келмейді. Өйткені *-ған* есімшесі мұнда қалып етістігіне созылыңқылы сипат беріп тұр [12], ал *-атын* есімшесі іс-әрекетке тұрақтылық сипат береді. Екеуінің аспектуалды тұрғыдан бір мәнмәтінде келуі мүмкін емес. Әрі *бол* етістігінің бұл тіркесте еш қызметі жоқ, жасанды кіріктірілген. Тіл заңдылығы үнемдеуге, ықшамдалуға бейім. Бұдан бөлек, қазақтың дәстүрлі сөзсаптамы сөз мазмұнынан артық болып тұрған бірліктерді қолданбаған [13, 71]. Сол сияқты *бол* етістігінің келер шақ формасында қолданылып жүргені де қате: *баратын боламын, айтатын боламын*, т.б (3-кесте). *Бол* етістігінің бұл тіркестерде ешқандай қызметі жоқ. Сондықтан *барамын, айтамын* түрінде қолданылуы тиіс. Бұл жағдайда өткен шақ формалы етістікке көмекші етістіктерді ғана тіркестіру керек: *қайнатып жатқан еді.*

3-кесте. Жазарман тіліндегі «бол» етістігінің қате қолданысы

	Жазарман қолданысы	**Мәнмәтінге сай қолданыс**
1	Үйімізге келген қонақтар асығыс болатын, анама шайды тезірек әкелсеніз деп *өтінген болатын*. Сыртта тарсылдап қайнап жатқан су *болатын* (900).	Үйге келген қонақтар асығыс еді, анама тезірек шай қоюын *өтінді*. Сыртта бұрқ-сарқ қайнап жатқан су *бар-тұғын*.
2	Қара қазанда ыссы су *болатын* (35).	Қара қазанда ыстық су *бар еді*.
3	Анасы жауап берді: «Мен ол суды кір жуамын деп *қайнатқан болатынмын*» деді (898).	Анасы былай деп жауап берді: «Мен ол суды кір жуамын деп *қайнатқан едім*», - деді.
4	Біздің үйде күндіз-түні *қонақ болатын* (56).	Үйде күндіз-түні қонақ.
5	Ал сыртта сарқылдап ыссы су қайнап *тұрған болатын* (56).	Ал сыртта, қазанда су қайнап *тұрған еді*.
6	Үйге ескертусіз қонақ *келген болатын* (86).	Үйге аяқасты қонақ *келе қалды*.
7	Бір уақытта әкем келіп тай сатуын *сұраған болатын* (36).	Бір күні әкемнің дос тай *сұрап келген еді*.
9	Үйіміз жолаушылар жақын әрі қолайлы жерде орналасқандықтан, үйдің іші қонаққа әрдайым *толы болатын* (20).	Үй тоғыз жолдың торабында орналасқан еді, күндіз-түні қонақ, *толастар емес*.
10	Қара қазанда ыссы су *болатын* (35).	Қара қазанда ыссы су *тұрған еді*.

Үшінші сөйлемнің (1-кесте) *қайната кетті* тіркесіндегі жетекші етістіктің семантикасы мен аналитикалық форманттың қызметі бір-біріне сай емес. Яғни, *-а кет* аналитикалық форманты шапшаң, жеңіл, аяқасты және субъектінің өзіне қатысты істелетін қимыл-әрекетті білдіреді [3, 35]. Мысалы, *Қалың шіліктің көлеңкесіне ендеп кіріп, шапанын астына төсеп* ***жата кетті*** (Р.Сейсенбаев). Ал *қайнату* сөзінің семантикасында процестің ұзақтығы жасырылған, шапшаңдық мағына жоқ: *судың аяқасты қайнауы* мүмкін емес. Сондықтан *-а кет* формантының орнына істің басталуын білдіретін *-а баста* аналитикалық формантын қолдануға болады: *қайната бастады*.

Осы тұста респонденттердің жиі жіберген тағы бір қатесін айта кеткен жөн. Бұл қате – қазіргі қазақтілді сөйлерменнің тілінде «шұбырып» жүрген қатенің бірі (4-кесте). Іс-қимылдың басталуын білдіретін *-а (-е, -й) баста* аналитикалық формантының орнына жасанды *-п баста* формантын шығарып алғаны. Қазақ тілінде мұндай тіркестер жоқ. Өйткені істің аяқталғанын, біткенін білдіретін *-п (-ып, -іп)* көсемшесі істің басталғанын білдіретін *баста* жетекші етістігімен тіркесе алмайды.

ISSN 2788-7979 (online)

4-кесте. «Баста» жетекші етістігімен келетін қате қолданыстар

	Бұрыс	**Дұрысы**
1	Сонда анасы құманға салқын су *құйып бастайды* (402).	Сонда анасы құманға салқын су *құя бастады.*
2	Бір қараса анасы отқа салқын су құйып, *қайнатып бастапты* (204).	Бір қараса, анасы отқа салқын су құйып, *қайната бастаған екен*.
3	Сол кезде ана әйел шәйгімге суық суды *құйып қайнатып бастайды* (810).	Сол кезде анасы шәугімге суық су *құйып қайната бастайды.*
4	Анам шайға *қамданып бастап кетті* (7).	Анам шай *қамдай бастады.* Анам шай қамына *кірісіп кетті.* Анам шай қамдауды бастап *кеткен екен.*
5	Бір қараса, анасы отқа салын су құйып, *қайнатып бастапты* (204).	Бір қараса, анасы отқа салқын су құйып шай *қойып жатыр екен.*
6	Барлығы *дайындалып бастады* (701).	Барлығы *дайындала бастайды.*
7	Бір нәрсеге *ниеттеніп бастағанда* жұмысымызды, жарты жолдан негізгі ниеттен басқа ойға өзгертуге болмайды. Бір нәрсені *ниеттеніп бастап* кейіннен қалдырып кетуге болмайды (893).	Бір нәрсеге ниеттеніп, соны бастағаннан соң, жарты жолдан *тастап кетуге болмайды.* Бір нәрсеге ниеттенген соң, одан тайқымау қажет.

Төртінші сөйлемнің құрылысы (1-кесте) біршама шұбалаңқы, әрі кальканың сілемі байқалады. Әдетте, қазақ дәстүрлі сөзсаптамында заттанған етістіктен кейін (*ұмытып кеткені*) атау септігінің жалғаулық шылауларын (*жайлы, туралы*) қойып қолдану көп кездесе бермейді. Тек стилистикалық мақсатты қолданылуы мүмкін. Оның орнына *ұмытып кеткенін айтым едім* деп қысқартып, не болмаса төл сөздің өзін беріп қолдануға болады. Сондай-ақ, бұл мысалдағы *ескерту* сөзі де өз семантикасында тұрған жоқ. Бұл – калькалаудың бір көрінісі. *Ескерту* сөзінің лексикалық мағынасы *ойға салу, хабардар ету* болғанымен (ҚӘТС), мұның жағымсыз реңкі басымырақ: Станцияға жетіп қалғанын кондуктордың *ескертуінен* ғана білген-ді (Е.Оразақов, Дәрігер.). Мұнымызды көріп, мұғалім қанша *ескерту* жасаса да ұмытып кетеміз (Б.Баязитов, Өркен).

Ал қазіргі қолданыста *ескерту* сөзі *еске салу, ойға салу, айта салу* мағыналарын беретін орыс тілінің «напомнить» сөзінің баламасы ретінде қолданылып жүр. *Ескерту* сөзінің семантикасында бір істі жасамауды еске салатын, оның алдын алу мақсатында айтылатын нұсқау, бұйрық беру мәні басымырақ. Респонденттер де түпнұсқа мәтінде *деу, айту* етістіктері тұрса да, ойын жеткізуге бұл етістіктерді қолданбай, көбіне нарратив мағынасы басымырақ *ескерту* етістігіне жүгінген. Кестеде соның анық мысалдары көрсетілген (5-кесте).

5-кесте. Тілдік бірліктің лексикалық интерференцияға ұшырауы

	Бұрыс	**Дұрысы**
1	Анасы ұмытып кеткен болар бір *ескертеді*, екі *ескертеді* (429).	Анасы ұмытып кеткен болар деп *бір айтады*, *екі айтады/қайта-қайта айтады*.
2	Неге содан ала салмады деп, бірнеше рет *ескерттім* (702).	«Неге содан ала салмадыңыз?» деп *бірнеше рет айттым*.
3	Осыны көрген бала анасына бірнеше рет қайнаған судың бар екендігін *ескертеді* (722).	Мұны көрген бала анасына «қайнаған су бар емес пе?» деп *қайта-қайта айтты*.
4	Содан қонақтарға білдіртпей анам ол кір жууға арналған су деп *ескерттім* (246).	Содан қонақтарға білдіртпей келіп анам «ол кір жууға арналған су» *деді*.

Бұл мысалдардан кальканың ізі анық байқалады. Мәтін желісінде анасына судың қайнап жатқанын айтатын кейіпкер – бала. Баланың анасына ескерту жасауы мүмкін емес, тек еске салуы мүмкін. Түпнұсқа мәтіндегі бұл үзінді былай берілген:

ISSN 2788-7979 (online)

Бір кезде қарасам анам шәугімге суық су құйып жатыр. Таңқалдым. Даладағы ошақта қара қазандағы қара су бұрқ-сарқ қайнап жатқан болатын. ***Ұмытып кеткен болды ғой деген оймен «далада қайнап тұрған су бар ғой» дедім.*** *Анам ештеңе деген жоқ.* ***Бір кезде тағы да айттым.*** *Сол кезде жаныма жақындай келіп қонақтарға естіртпей, «ол кір жуам деп қайнатқан су» деді. Үндемедім. Бірақ түсінбедім. «Болса не бопты?» Ары ойланып, бері ойланып жіп таға алмадым.*

Түпнұсқа мәтінде *ескерту* лексемасы қолданылмаған. Бұл – жазармандардың өз ойынан қосып отырған дайын қолданысы. Қазір кальканың есебінен ескерту лексемасының мағынасы *айту, еске салу* мағынасында жиі жұмсала бастады. Респонденттердің тіліндегі тағы бір белсенді қолданыс – *қайталау* етістігі. Мұның да семантикалық «кеңеюі» *ескерту* сөзіне ұқсайды (6-кесте). Бұл етістік те мәтіннің осы үзіндісінде айтылған.

6-кесте. Тілдік бірліктің лексикалық интерференцияға ұшырауы

	Бұрыс	**Нормаға сәйкес нұсқасы**
1	Тағы да *қайталадым* (726).	Тағы да *айттым*.
2	Сәлден кейін *қайталай* айттым анам; - ол кір жууға деп қойылған су еді деп үн қатты (825).	Сәлден кейін *тағы айттым*. Анам: «Ол кір жууға қойған суым еді», – *деді*.
3	Алайда анасы *бірнеше қайталаудан* кейін, баласының қасына келіп: «бұл қайнап жатқан су кір жууға арналған», - депті (208).	«Ыстық су бар ғой» деп *қайта-қайта айтқан* баласына «ол кірге арналған су» деп жауап берді.

Респонденттердің кейбірі *ескерту, қайталау* сынды семантикасы мен мағыналық реңкі алыстау жатқан тілдік бірліктерді қолданбай, мәнмәтінге сай *айту, деу* етістіктерін қолдануға басымдық бергендері бар. Мәселен, 840-респондент былай деп жазған: *Мен ошақта ыстық су бар* ***деп айттым****. Анам мән бермеді деп, қайта дауыстап, ошақта ыстық су бар* ***дедім*** (840).

Жазармандардың күрделі етістікті қолдануға келгенде қиындық тудырған мәтін үзіндісі мынау:

Ыдысын жия жүріп жауап берген анам: «бір нәрсеге ***ниеттеніп қойған*** *кезде-ақ сен сол жұмыстың үстіндесің. Кір жууға деп құйылған суды шайға пайдалануға болмайды. Оны кір жуатын ыдысқа құймай-ақ кірдің суы* ***болып кеткен****» дейді.*

Жазушы кейіпкердің диалогын ауызекі тілдің элементтерін (*-ақ* демеулігі) ескеріп жазғаны байқалып тұр. Күнделікті коммуникацияда ауызекі тілде мезгіл қатынасқа құрылған сөйлемдер жиі қолданылады.

Жазушының осы ерекшелікті бейсаналы ескергені диалогтың табиғилығын, экпрессиясын арттырып тұр.

Үзіндідегі *ниеттеніп қойған* аналитикалық етістігі *-ып қой* аналитикалық форманты, *болып кеткен* аналитикалық етістігі *-ып кет* форманты арқылы жасалып тұр. Аналитикалық форманттардың етістікке тіркесуіндегі қызметі мен мақсаты бар. Мәселен, *-ып қой* форманты қимылдың аяқталғанын, *-ып кет* форманты қимылдың тез жасалғанын, бірден орындалғанын білдіреді. Демек, форманттардың қызметін білу, оларды бір-бірінен ажырата алу өте маңызды. Оны орынды қолдана алған жазарманның грамматикалық түйсігі де жоғары деген сөз. Алайда осы бір сәтте респонденттердің біршама бөлігі қате жіберіп, форманттарды қолдана алмайтынын, күрделі етістікті құрастыруға келгенде біршама қиналатынын байқатты. Кестеде (7-кесте) солардың бірнеше үлгісі көрсетілген.

7-кесте. Аналитикалық форманттардан кеткен қателер

	Бұрыс	**Дұрысы**
1	Сол кезде анам: ол кірдің суы, ол кір жуатын ыдысқа тимесе де, *әлдеқашан кірге айналды*	Сол кезде анам: «Ол суды кір жуамын деп қойдым, кір жуатын ыдысқа тимесе де, *әлдеқашан кірдің суына айналып кеткен*», – деп жауап берді.

ISSN 2788-7979 (online)

	деп ниеттеніп қойғанмын деген жауап айтады (456).	
2	Сонда анасы ошақтағы қайнаған суды кір жуамын деп ниет етім, сол себепті кірге деген су *қайнап бастағанда кір су болған* деп тіл қатты (43).	Сонда анасы: «Ошақта тұрған ол суды кір жуам деп алып қойғам, кірдің ыдысына құйылмаса да, *ниет еткенде-ақ кірдің суына айналып кеткен*», – деп түсіндірді.
3	Яғни анасы ниеттеніп қойған соң, ол суды әлі қолданбасада ол су *кір болып тұрады* (721).	Яғни анасы ол суды кір жуам деп қойғандықтан оны басқа бір мақсатқа жұмсай алмаймыз, өйткені *ниет еткенде-ақ ол кірдің суына айналып үлгерген* еді.
4	Ол шәйге *құйылмайақ кірге деп пайдалып кеткен* (56).	Ол суға ыдысқа құйылмай-ақ *кірдің суы боп кеткен*, енді тек кірге ғана пайдалану қажет.
5	Бұл *әлдеқашан кір суға айналды* деп түсіндірді (878).	Сол сәтте-ақ *кірдің суына айналып кеткен* деп түсіндірді.
6	Егер бір нәрсеге ниет етсең ол солай болады. Бұл *әлдеқашан кір суға айналды* (878).	Егер бір нәрсеге ниет етсең, соны соңына дейін жеткізуің керек. Ал ол су *ниет еткенде-ақ кір суға айналып кеткен еді*.
7	Анасы кір жуам деп қойған судан шай қоймады. Себебі анасы оны қонақ үшін *ниет етіп қоймаған су болды* (894).	Анасы кір жуам деп қойған суынан шай қоймайды. Себебі оны қонаққа емес, *кірге деп қойған* суы еді.
8	Сонда анам «бұл су киім жууға ниеттеніп қойылған болатын, *ол су кір жуатын табаққа құйылмай тұрып, кір жуатын су болды* (900).	Сонда анам: «Бұл суға киім жуам деп ниеттеніп қойғам, ол су кір жуатын ыдысқа *құйылмай тұрып-ақ кірдің суы болып кеткен*».
9	Аудиода оны кірге қолдануға қайнатты, *кірге арналған су өзі құйылмай тұрып кір болады* (801).	Автордың анасы ол суды кір жуамын деп қайнатып еді, соған *ниет еткенде-ақ кірдің суы болып кеткен.*
10	Кір жууға деген соң, ол *сол сәтте кір суға айналды* (809).	Кір жууға *ниет етілгенде-ақ кірдің суына айналған еді.*
11	«Мен ол суды о бастан кір жуамын *деп ниеттендім*, суды *құймай тұрып* ол су *кір жуатын лас су болды*» деп жауап қатады (808).	«Мен оған о баста кір жуамын деп қойғам, сол сәтте-ақ ыдысқа құйылмаса да *лас суға айналып кетті*», – деп түсіндірді.
12	«Ұлым, ол суды әу бастан кір жууға деп ниет етіп қойған едім, ол су *ендігі кір суға айналды*», - деп айтады (73).	«Ұлым, ол суды әу бастан кір жууға деп ниет етіп қойған едім, *ендігі кір суға айналып кеткен болар*», – деді.
13	Бұған баласы түсінбей тұрып, мән жайын сұрап еді, анасы ол суды шайға пайдалануға болмайтынын, себебі *кір жуатын су әу баста кірге ғана арналған*, - деді (245).	Баласы түсіне алмады. Мән-жайын қайта сұрап еді, анасы әу баста кір жуам деп қойған суды шайға пайдалануға болмайтынын, *ниет етілгенде-ақ кірдікі болып кеткенін айтты*.
14	Ол кірге аталған су қолданылмаса да кірдің суы екенін, яғни, *суды қойғанда кір жуам деп ниет етілгенін* ұғындырды (212).	Оның кірге қойылған су екенін, кір жуамын деп ниет еткенде-ақ кірдің суына *айналып кеткенін* ұғындырды.
15	Кір жууға қойылған су, *қолданбай жатып кір болып қойған* (839).	Кір жууға қойылған су *қолданбай жатып-ақ* кірдікі *болып кеткен*.
16	Ол ыдысқа *қолданбай-ақ, кір болды* дейді (844).	Ыдысқа әлі құйылмаса да, ниет етілгенде-ақ кірдің суы *болып кеткен*.
17	Сонда анам: - Мен оны кір жуатын арнап ниет етіп қойдым, ол *уже кір боп кеткен*» деді (846).	Сонда анам: «Ол менің жууға деп қойған суым, *ниет етілгенде-ақ кірге айналып кеткен*», – деді.
18	Анам балам ол суды мен кір жуамын деген ниетте қойған соң, ол су кірді жумай ақ ниетпен к*ір жуатын су болып қалады* деді (34).	Анам: «Балам, ол суды мен кір жуамын деп қойдым, әлі жумасам да, *ниет еткенде-ақ кірдің суы болып кеткен*», – деді.
19	Сол кезде анам кір жууға ниет етіп қойғасын ыдысқа құйылмасада *кір су болады* деді (42).	Сол кезде анам: «Кір жууға ниет етіп қойғасын, ыдысқа *құйылмаса да кір су болып қала бермек*», – деп түсіндірді.
20	Сонда анам «бұл су кір жууға ниеттеніп қойылған болатын, ол су кір жуатын табаққа құйылмай тұрып, *кір жуатын су болды* (900).	Сонда анам: «Ол су кір жууға ниеттеніп қойған суым, *кір жуылмаса да, кірдің суы болып кеткен*», – деді.
21	...бұл кір жууға арнайы қайнатылған су бұл су ыдысқа құйылған сәттен бастап *кір жууға арналған су болатын* (817).	Бұл су кір жууға қойылып, *ниет етілгенде-ақ кірдің суына айналып кеткен*.

ISSN 2788-7979 (online)


22	Аудиода оны кірге қолдануға қайнатты, кірге арналған су өзі *құйылмай тұрып кір болады* (801).	Аудиода кір жуылады деп ниет етілген судың *ниет еткенде-ақ кірге айналып кететіні айтылған*.


Байқағанымыздай, респонденттер етістіктерді қимылдың өту сипаты мен ағымына орай күрделендіріп, тіркестіріп құрай алмай қиналған: *әлдеқашан кірге айналды, кір су болған, кір су болады, кір жуатын су болып қалады, уже кір боп кеткен, кір болды, кір болып қойған, ендігі кір суға айналды, кір су болып қалады, құйылмай тұрып кір болады* сынды тіркестер грамматикалық, лексикалық семантикалары тұрғысынан да, стилистикалық қолданыс тұрғысынан да үйлесіп тұрған жоқ.

ТАЛҚЫЛАУ


Кез келген қимыл-қозғалыс, іс-әрекеттің уақыттың өту ағымына, жасалу кезеңіне қарай басталуы, орындалуы, барысы және аяқталуы жүзеге асады. Ал жасалу тәсілі мен амалына қарай қарқынды, созылыңқы, дүркін, немқұрайлы, жол-жөнекей, қоса қабат, бірден, аяқасты, қайталап істеу, субъекті мен объектіге қатысты орындау сынды қым-қуыт мәндерді білдіреді. Мұның барлығы бір-бірімен тізбектеле, тіркесе келе қимыл-қозғалыс пен іс-әрекеттің уақыт (шақ) пен амалға қатысты сипатын суреттейді. Бір сөзбен айтқанда, етістіктерді тіркестіріп немесе күрделендіріп қолданғанда, оның уақыт ағымына тәуелділігін, байланысын, өту сипатының логикалық қонымдылығын қоса ескеру қажет. Ал оны ескеру үшін етістіктің көрсеткіштерінен хабардар болуымыз керек.

Мәселен, жоғарыдағы үзіндіде өткен шақтағы қимылдың түрлі өту сипаты мен мезгіл қатынасына жататын бірнеше іс-әрекет қамтылған. Оны етістіктің өткен шағы деп сипаттай салуға болмайды. Өйткені *анасының ыдысты жия жүріп жауап беруі* іс-қимылдың жол-жөнекей орындалғанын, ал *ниеттеніп қойған*, *болып кеткен* – іс-әрекеттің өткен шақта аяқталып қойғанын, ал *кезде-ақ* және *құймай-ақ* сөздеріндегі *-ақ* демеулік шылауы мен мезгіл мәнді сөздің (*кезде*) іс-әрекеттің мезгілдес іске асқанын анықтап, әр аспектуалды мағынадан түрлі таксистік қатынастар (мезгілдестік) туындаған. Яғни етістіктер қимылдың өту сипатын және екі қимылдың бір мезгілде орындалуын меңзеп тұр. Респонденттер етістіктің осы қасиеттерін ескеріп, бір-бірімен үйлестіре алмағаны көрінеді.


II бөлім. Аудионы мұқият тыңдап, мазмұнын жазыңыз.
Орындалатын уақыты – 15 минут.
Ниет
Бідәйм үй төрт жолдың торабында.
Бір күні атын, арамдарғың келік қалғанын
естіп қалдым. Атын қайтадан сол дәлелге
алып кетпек дегенде, анам шұғыл алып
шай қоя бастады. Мен дәлдәт ойлауға
қайнап тұрған суға көрі, анама: «Апе
қарадың сұ қайнап тұр ғой...» - дедім.
Анам ұлдәшей әрі қарай әз шаруаның әлесой
бердә. Мен оған таң қалдым. Кейбен кісілер-
мізлардың ішкен соң және атпандар. Сонда
анам маған әлгі қайнаған суды неге алме-
ғанын түсіндірін бердә. Әлгінді судың әлеуі
кір жууға ниет еткен екен, сондықтан кірдің
сұрғы мұзда алмаған екен. Сонда менің ешне
ұғынбағын бір аткаша ешне түсті. Бірде әлешен бірду-
мұ қаре ұғынған сұрақ кеңгенде әлді: «Менің
әлгіндей бересің дәл ниеттеніп ғой, сен әлі білмеге де
әлі ешнә, сорақы сұрақтар» - дегін еткен.


Орындалатын уақыты – 15 минут.
Жұрт әрыз-бері көшкендіктен ауылға жұдырі-түні қонақ.
Бір күні кәдімгі "қонақтың ұш-терттің ұлымін" ұйғы бәттейді.
Самаурынға болған соң ертелеу бұрып... "Ұақ жайған кешік, тезірек
шайғұрға дайындашы"-, бейді. Кәсіп сұға ешқандей жәнілдік
Бір кезде анам шәрібке суықсу тұрған жоқтар екен, қана қазанда
қайнап жатқан суға ұлжатып кеткен болар деп ойлаурым.
"Дамаға қайнап тұр ғой"-, дерім. Анам жоқтап қайтарғанда.
Тағы қайтадан айтам, сонда анам сөбірлап: "Ол кір пұлға қайнат-
қан су"- дері. Мен түсінбедім. Қонақтамдар шайға тойып, аттанып кетті.
Сол кезде ұйғарған сұрағымды жаздым. Анам: "Бір нәрсені ұ ниет-
тенсең сол істің ұстындағы. Кір жууға арналған суға шайға байланысуға
болмайды. Кейін "таныш досқа құнанда ұрап келгенде әлем.
"Оны жәнеліш берішін деп ниет еткенбін"-, деген әрі ешне ұғұ.
Алғырдан ниетке байланыста, ниет әу тұа бітпен болмысқ сіңіп
кетпен. Бірақ ниә етіп, ішкей берген дүниені басқа бірөуге беруге
қиянат есалауға болмайды.

ISSN 2788-7979 (online)



2-сурет. Етістіктерді қызметіне сай қолдана алған респонденттер

Сөйлемдегі, мәтіндегі қатенің негізгі себебі де, көзі де – осы етістікті дұрыс жұмсамаудан, етістік формаларын қызметіне қарай тіркестіре алмаудан туындап отыр. Демек, сөйлем құрарда етістіктің шағын және соған сай қимылдың өту сипатын қабыстыра білу аса маңызды. Сонда мәнді, түсінікті, грамматикалық құрылымы орнықты, стилистикалық жатық сөйлем құрылысы түзілмек. Мәселен, етістіктің шақтары мен өту сипатын, басқа да үйлесім шарттарын сақтай білген азды-көпті респонденттер бар. Солардың бірсыпыра мысалы жоғарыдағы суретте көрсетілген (2-сурет).

Етістік предикат қызметін атқарушы негізгі сөздер болғандықтан, тұтас сөйлемнің дұрыс, жатық, келісті шығуына тікелей әсер етеді. Сөйлемде кететін қатенің басым бөлігі де осы етістікті қызметіне қарай қолдана алмаудан туындайды. Етістік көптеген тілдерде күрделі категория саналады. Қазақ тілінің қиындығы да етістікте. Соған қарамастан тіл иелмені ана тілін ұстартушы ретінде тілдің бүкіл қазынасы мен құралын қолдана алуы шарт. Ал ол үшін қазақ тілінің етістіктері жайлы білімін байытып, қыр-сырына үңіліп, қолданысына мән беруі тиіс.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорытындылай келе, қазіргі қазақ тіл иелмендерінің қолданысында грамматикалық ауытқулардың көбейгенін, соның ішінде күрделі етістікті қолдануға келгенде жиі қате жіберетіні байқалды. Соның себебінен ана тілінің сөз жүйесі де бұзыла бастаған. Қазақ тілінің етістіктері – синтаксистік құрылымның өзегі, сөйлемнің мазмұнын, құрылымын, коммуникативтік қызметін айқындайтын басты грамматикалық құрал. Қазақ сөйлемі етістік формаларымен аяқталып, етістік формалары арқылы басқа сөйлемдермен байланысады. Ол сөйлемнің баяндауышы бола отырып, іс-әрекет, қимыл-қозғалыс, қалып-күй мен жағдаятты білдірумен қатар, сөйлемнің түрін, коммуникативтік мақсатын және мезгілдік, райлық, жақтық, модальдік қатынастарын белгілейді [14, 196]. Әсіресе, аталған қатынастардың басым бөлігі күрделі құрамды етістіктер, етістікті сөз тіркестері арқылы жүзеге асады. Оны сауатты қолдану – ана тілім деп санайтын әрбір тіл иелменінің міндеті. Алайда сауалнама нәтижелері көрсеткендей, қазақ тіл иелмендері күрделі етістіктерді қолдана алмайтыны, қиналатыны, ана тілінің терең құралдарын меңгере алмағаны, күрделі етістік түсінігін жете білмейтіні, соның себебінен коммуникацияда жиі қатеге ұрынатыны белгілі болды. Тілшілердің ендігі мәселесі – осы грамматикалық ауытқуды жөндеу мен реттеудің шешімін, лингвистикалық құралдарын әзірлеп, сауатсыздықтың алдын алу. Бұл болжам мақалада айтылған гипотезаның, яғни күрделі етістіктер сөздігін құрастырудың алғышарты жасалды деген ойдың дәлелі бола алады деген ойдамыз.

ISSN 2788-7979 (online)

Мақала ЖТН BR24993244 «Қазақ тілі ұлттық корпусын Smart-мәтіндер мегажобасы және қазақтілді жасанды интеллект негізі ретінде жетілдіру, ішкорпустарын әзірлеу» бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобасы аясында жазылды.

Мақаланың аннотациясын жазу мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінің кей нұсқаларын әзірлеуге жасанды интеллект құралдары қолданылды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: «Абзал-Ай» баспа, 2014. – 640 б.
2 Момынова Б.Қ., Анесова У.Г. Қазақ тіліндегі күрделі етістіктер: құрамдық және мағыналық ерекшелігі. Tiltanym. 2025;100(4):22-35. https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-4-22-35
3 Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттары. – Алматы: Мектеп, 1975. – 136 б.
4 Исаев С. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Өнер, 2007. – 336 б.
5 Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 1991. – 382 б.
6 Жолшаева М., Шадиева Н.Х. Қазақ тіліндегі күрделі құрамды етістіктер мәселесі // Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы. – 2023. – №2. – 67-81 бб. https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-2.05
7 Жаңабекова А.Ә., Мурсал Ә. Күрделі құрамды етістікті тіркестердің лексикографиясы. Tiltanym. 2018;(3):7-16. https://www.tiltanym.kz/jour/article/view/541/0?locale=kk_KZ
8 Seth Lindstromberg. The compositionality of English phrasal verbs in terms of imageability. – Lingua. – 2022, August. – V. 275. https://doi.org/10.1016/j.lingua.2022.103373
9 Suhad Sonbul, Dina Abdel Salam El-Dakhs, Hind Al-Otaibi. Productive versus receptive L2 knowledge of polysemous phrasal verbs: A comparison of determining factors. System. – 2020, December. – V. 95. https://doi.org/10.1016/j.system.2020.102361
10 Gyorfi, D. (2022). Auxiliary verb constructions in Modern Spoken Kazakh (Doctoral dissertation). University of Surrey. – 344 p.
11 Karakoç B., & Jumabay U. (2023). On the semantics of transformativizing postverbial constructions in Kazakh. Turkic Languages, 27(2), 162–185. https://doi.org/10.13173/TL.27.2.162
12 Akishev T., Sarbassova, A., & Kravtsova Y. (2025). The linguistic features of a Kazakh auxiliary verb. TILTANYM, 2025(1), 68-78 pp. https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-1-68-78
13 Күдеринова Қ. Қазақ шаршысөзі: тілдік нормасы, сөз әдебі, құрылымы // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2024. – №1 (193). – 65-76 бб. https://doi.org/10.26577/EJPh.2024.v193.i1.ph6
14 Слямбеков Қ., Солтанбекова А., Шалабай Б., Қалибекұлы Т. Қазақ тіліндегі күрделі етістіктерді жасанды интеллектіге үйрету тәжірибесі: тегтеу мен морфологиялық модальдеу үлгілері // Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау хабаршысы. Филология сериясы. – №3, 2025. – 94-108 бб. https://doi.org/10.59102/kufil/2025/iss3pp94-108

Материал 28.03.2026 баспаға түсті

Сложные глаголы в употреблении носителей языка: на каком уровне находится грамматическая грамотность?

Б.К. Момынова[1], А.М. Фазылжан[1], Қ.Б. Слямбеков[1], И.А. Имангазина[1]
[1]Институт языкознания им. А. Байтурсынова, Алматы, 050040, Казахстан

В предлагаемой статье представлены результаты лингвистического анкетирования, направленного на определение уровня грамотности носителей современного казахского языка. В частности, на основе эмпирической базы данных и статистических показателей обосновывается, сколько ошибок допускают носители языка при употреблении сложных глаголов и глагольных словосочетаний, а также какие виды грамматических отклонений

ISSN 2788-7979 (online)

встречаются в их речи. Определяются типы наиболее частотных ошибочных языковых единиц, связанных со сложными глаголами в современном казахском языке, и рассматриваются причины их возникновения. Кроме того, предлагается система грамматических знаний, связанных со сложными глаголами казахского языка.

Анализ употребления сложных глаголов носителями языка имеет особую значимость. Это связано с тем, что глагол в казахском языке является основным стержнем казахского предложения и главным грамматическим средством выражения модальных, аспектуальных и временных значений. Умение правильно употреблять глагольные формы является одним из условий успешной коммуникации и речевого взаимодействия. Для лингвистов данное исследование актуально тем, что оно позволяет выявить основные грамматические отклонения, характерные для речи носителей родного языка, а также разработать грамматические средства их исправления и нормализации. В частности, можно считать, что уже сформирована необходимая основа для подготовки «Словаря сложных глаголов казахского языка». Кроме того, результаты исследования создают возможности для разработки других лингвистических инструментов, в том числе грамматического справочника ошибочных употреблений, лингвистических материалов для обучения искусственного интеллекта и систем разметки.

Результаты лингвистического анкетирования позволили выявить, с какими трудностями сталкиваются носители казахского языка при употреблении сложных глаголов и построении глагольных словосочетаний, а также какие языковые явления вызывают у них наибольшие затруднения. В этом, на наш взгляд, заключается актуальность и научная ценность предлагаемой статьи.

Ключевые слова: глагол; сложный глагол; грамматическая ошибка; грамматическое отклонение; интерференция; аспектуальная категория.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1 Маманов Ы. Современный казахский язык. Глагол. – Алматы, 2014. – 153 с.
2 Момынова Б.К., Анесова У.Г. Сложные глаголы в казахском языке: структурные и семантические особенности. Tiltanym. 2025;100(4):22–35. https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-4-22-35
3 Оралбаева Н. Аналитические форманты глагола в современном казахском языке. – Алматы: Мектеп, 1975. – 136 с.
4 Исаев С. Современный казахский язык. – Алматы: Өнер, 2007. – 336 с.
5 Ысқақов А. Современный казахский язык. – Алматы, 1991. – 382 с.
6 Жолшаева М., Шадиева Н.Х. Проблема сложных составных глаголов в казахском языке // Вестник Евразийского гуманитарного института. – 2023. – №2. – С. 67–81. https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-2.05
7 Жанабекова А., Мурсал А. Лексикография сложных составных глагольных конструкций. Tiltanym. 2018;(3):7-16. https://www.tiltanym.kz/jour/article/view/541/0?locale=kk_KZ
8 Seth Lindstromberg. The compositionality of English phrasal verbs in terms of imageability. – Lingua. – 2022, August. – V. 275. https://doi.org/10.1016/j.lingua.2022.103373
9 Suhad Sonbul, Dina Abdel Salam El-Dakhs, Hind Al-Otaibi. Productive versus receptive L2 knowledge of polysemous phrasal verbs: A comparison of determining factors. System. – 2020, December. – V. 95. https://doi.org/10.1016/j.system.2020.102361
10 Gyorfi, D. (2022). Auxiliary verb constructions in Modern Spoken Kazakh (Doctoral dissertation). University of Surrey. – 344 p.
11 Karakoç B., & Jumabay U. (2023). On the semantics of transformativizing postverbial constructions in Kazakh. Turkic Languages, 27(2), 162–185. https://doi.org/10.13173/TL.27.2.162
12 Akishev T., Sarbassova, A., & Kravtsova Y. (2025). The linguistic features of a Kazakh auxiliary verb. TILTANYM, 2025(1), 68-78 pp. https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-1-68-78

ISSN 2788-7979 (online)
13 Кудеринова К. Казахская разговорная речь: языковая норма, речевой этикет, структура // Вестник КазНУ имени аль-Фараби. Серия филологическая. – 2024. – №1 (193). – С. 65–76. https://doi.org/10.26577/EJPh.2024.v193.i1.ph6
14 Слямбеков К., Солтанбекова А., Шалабай С., Калибекулы Т. Опыт обучения сложным глаголам казахского языка с использованием искусственного интеллекта: модели тегирования и морфологического моделирования // Вестник Кокшетауского университета имени Ш. Уалиханова. Серия филологическая. – 2025. – №3. – С. 94–108. https://doi.org/10.59102/kufil/2025/iss3pp94-108

Материал поступил в редакцию журнала 28.03.2026

The complex verb in native speakers' usage: what is the level of grammatical literacy?

B. Momynova[1], A. Fazylzhan[1], K. Slyambekov[1], I. Imangazina[1]
[1]The Institute of Linguistics named of after A. Baitursynov, Almaty, 050040, Kazakhstan

The proposed article presents the results of a linguistic survey aimed at determining the literacy level of speakers of contemporary Kazakh. In particular, based on an empirical database and statistical data, the article substantiates the number of errors made by language users in the use of compound verbs and verbal phrases, as well as the types of grammatical deviations observed in their usage. The study identifies the types of the most frequent erroneous linguistic units related to compound verbs in contemporary Kazakh and discusses the reasons for their occurrence. It also proposes a system of grammatical knowledge concerning compound verbs in the Kazakh language.

The analysis of how language users employ compound verbs is of particular importance. This is because the verb in Kazakh serves as the core of the Kazakh sentence and functions as the main grammatical means of expressing modal, aspectual, and tense meanings. The correct use of verbs is one of the key conditions for successful communication and speech interaction. For linguists, this issue is relevant because it helps identify the main grammatical deviations found in the usage of native speakers and develop grammatical tools for their correction and normalization. In particular, we believe that the necessary foundation has already been established for compiling a Dictionary of Compound Verbs of the Kazakh Language. In addition, the findings of the study create opportunities for developing other linguistic tools, including a grammatical reference guide to erroneous usage, linguistic resources for training artificial intelligence, and annotation systems.

The results of the linguistic survey made it possible to reveal the difficulties that speakers of Kazakh face when using compound verbs and constructing verbal phrases, as well as the specific linguistic phenomena that cause the greatest challenges. In our view, this is where the relevance and scholarly value of the proposed article lie.

Key words: verb; complex verb; grammatical error; grammatical deviation; interference; aspectual category.

REFERENCES

1 Mamanov Y. (2014) Qazirgi qazaq tili. Etistik. Almaty, 153 b. [Mamanov Y. (1966) Modern Kazakh Language. Verb. 153 p.] (in Kazakh)
2 Momynova B.Қ., Anesova U.G. (2025) Qazaq tilindegi kurdeli etistikter: quramdyq jane magynalyq ereksheligi. Tiltanym. №4 [Momynova B.Қ., Anesova U.G. (2025) Complex Verbs in the Kazakh Language: Structural and Semantic Features. Tiltanym. №4. P. 22-35] https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-4-22-35 (in Kazakh)
3 Oralbaeva N. (1975) Qazirgi qazaq tilindegi etistikting analitikalyq formanttary. Almaty: Mektep, 136 b. [Oralbaeva N. Analytical Verb Formants in Modern Kazakh. Almaty: Mektep, 136 p.] (in Kazakh)
4 Isaev S. (2007) Qazirgi qazaq tili. Almaty: Oner, 336 b. [Isaev S. (2007) Modern Kazakh Language. Almaty: Oner, 336 p.] (in Kazakh)

5 Ysqaqov A. (1991) Qazirgi qazaq tili. Almaty, 1991. 382 b. [Ysqaqov A. (1991) Modern Kazakh Language. Almaty, 1991. 382 p.] (in Kazakh)
6 Zholshaeva M., Shadieva N.H. (2023) Qazaq tilindegi kurdeli quramdy etistikter maselesi // Eurazia gumanitarlyq institutynyng Habarshysy. №2. 67-81 bb. [Zholshaeva M., Shadieva N.H. (2023) The Issue of Complex Compound Verbs in the Kazakh Language // Bulletin of the Eurasian Humanities Institute. №2. P. 67-81] https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-2.05 (in Kazakh)
7 Zhanabekova A.A., Mursal A. (2018) Kurdeli quramdy etistikti tirkesterding leksikografijasy. Tiltanym. 2018;(3) [Zhanabekova A.A., Mursal A. (2018) Lexicography of Complex Compound Verb Constructions. Tiltanym. 2018;(3)] (in Kazakh)
8 Seth Lindstromberg. The compositionality of English phrasal verbs in terms of imageability. – Lingua. – 2022, August. – V. 275. https://doi.org/10.1016/j.lingua.2022.103373
9 Suhad Sonbul, Dina Abdel Salam El-Dakhs, Hind Al-Otaibi. Productive versus receptive L2 knowledge of polysemous phrasal verbs: A comparison of determining factors. System. – 2020, December. – V. 95. https://doi.org/10.1016/j.system.2020.102361
10 Gyorfi, D. (2022). Auxiliary verb constructions in Modern Spoken Kazakh (Doctoral dissertation). University of Surrey. – 344 p.
11 Karakoç B., & Jumabay U. (2023). On the semantics of transformativizing postverbial constructions in Kazakh. Turkic Languages, 27(2), 162–185. https://doi.org/10.13173/TL.27.2.162
12 Akishev T., Sarbassova, A., & Kravtsova Y. (2025). The linguistic features of a Kazakh auxiliary verb. TILTANYM, 2025(1), 68-78 pp. https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-1-68-78
13 Kuderinova Q. (2024) Qazaq sharshysozi: tildik normasy, soz adebi, qurylymy. Al-Farabi atyndagy KazNU Habarshysy. Filologija serijasy. №1. 65-76 bb. [Kazakh Public Discourse: Linguistic Norms, Speech Etiquette, Structure // Bulletin of Al-Farabi Kazakh National University. Philology Series. №1. P. 65-76] https://doi.org/10.26577/EJPh.2024.v193.i1.ph6 (in Kazakh)
14 Slyambekov Q.B., Soltanbekova A.A., Shalabaj B.S., Qalibekuly T. (2025) Qazaq tilindegi kurdeli etistikterdi zhasandy intellektige uiretu tazhiribesi: tegteu men morfologijalyq modal'deu ulgileri // Sh. Ualihanov atyndagy Kokshetau habarshysy. Filologija seriyasy. №3. 94-108 bb. https://doi.org/10.59102/kufil/2025/iss3pp94-108 (in Kazakh)

Received: 28.03.2026

IRSTI: 16.21.33 DOI: 10.59102/kufil/2026/iss3pp124-139

G. Namanayeva[1], B. Zhumabekova[1]
[1]Toraighyrov University, Pavlodar, 140000, Kazakhstan

TYPOLOGY OF PRESUPPOSITIONS AND FORMS OF HUMOR IN CONTEMPORARY STAND-UP DISCOURSE

This article examines the typology of presuppositions and the forms of humor in stand-up discourse. The aim of the study is to analyze the role of presuppositions in the construction of humor using examples from stand-up performances by Kazakhstani and American comedians. The research methodology combines theoretical analysis with pragmatic and discourse analysis, as well as a comparative method used to identify differences in the use of presuppositions in Kazakhstani and American contexts. The findings demonstrate that presuppositions function as one of the key mechanisms for generating humorous effects and operate depending on the sociocultural background of the audience. The scientific novelty of the study lies in clarifying the role of presuppositions as a means of implicit meaning construction in comic discourse. The practical significance of the research